

**Белгіленген тарифтер бойынша медициналық қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру ережесін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2003 жылғы 7 ақпан N 138. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.06.01. N 547 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Белгіленген тарифтер бойынша медициналық қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігімен және басқа да мүдделі органдармен бірлесіп, әртүрлі әкімшілік-аумақтық бірліктердің бюджеттері арасында тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету шығындарын өтеу бойынша өзара есеп айырысу мәселелерін реттеу жөніндегі жұмыс тобын құрсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2003 жылғы 7 ақпандағы

N 138 қаулысымен бекітілген

**Белгіленген тарифтер бойынша медициналық қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру ережесі**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы ереже меншік нысанына қарамастан, медициналық қызметке лицензиясы бар заңды және жеке тұлғалардан (бұдан әрі - Беруші) белгіленген тарифтер бойынша тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін сатып алуды жүзеге асырудың негізгі шарттары мен тәртібін айқындайды. Бұл ереже мемлекеттік мекемелерге қолданылмайды.

2. Медициналық қызмет көрсетулерді сатып алу мемлекеттік деңгейде - республикалық бюджет қаражаты есебінен, жергілікті деңгейде - облыстық, Астана, Алматы қалалары бюджеттерінің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

**2. Медициналық қызмет көрсетулерді сатып алуды жүзеге асыру тәртібі**

3. Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі Берушілермен тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсетуге арналған шарттар (бұдан әрі -

Шарт) жасасу үшін мыналарды қамтитын құжаттаманы әзірлейді және бекітеді:

- 1) медициналық көмек түрлерінің тізбесі;
- 2) медициналық көмек түрлеріне арналған белгіленген тарифтер;
- 3) мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес ықтимал берушілерге қойылатын біліктілік талаптары;
- 4) Берушілермен жасалатын Шарттың үлгілік нысаны;
- 5) Шарт жасасуға арналған өтінім нысаны;
- 6) Берушілер өтінімдер беретін орын және оның соңғы мерзімі;
- 7) Шарттар жасалатын орын және уақыт.

4. Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі Берушілерді Шарттар жасалатыны туралы өтінімдер қабылдау мерзімі аяқталғанға дейін кемінде жиырма күнтізбелік күн бұрын хабардар етеді. Хабарландыру аптасына кемінде үш рет шығатын және кемінде облыстардың, Астана және Алматы қалаларының аумақтарына таралатын мерзімді баспасөз басылымдарында жарияланады және мыналарды қамтуы тиіс:

- 1) көрсетілуіне Шарт жасалатын медициналық көмектер түрлерінің тізбесін;
- 2) Шарт жасасу үшін құжаттамаларды алатын орынды және оның тәсілдерін;
- 3) құжаттар ұсынылатын орынды және өтінімдер берудің соңғы мерзімін.

5. Шарт жасасу үшін Беруші мынадай құжаттар ұсынуы қажет:

- 1) медициналық көмектің көлемі көрсетіле отырып, олардың белгілі бір түрлерін көрсетуге арналған өтінім;
- 2) мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес ықтимал берушілерге қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестікті растайтын құжаттар;

Беруші осы тармақта көрсетілмеген ақпаратты бермеуге құқылы.

6. Азаматтар меншік түріне және тұратын орнына қарамастан, кез келген медицина ұйымынан медициналық көмек сұрай алады, бірақ тәртіп бойынша тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету аумақтық қағидат бойынша жүзеге асырылады. Бұл орайда тегін медициналық көмектің кепілді көлемін көрсеткені үшін шығындардың орнын толтыру белгіленген тарифтер бойынша жүзеге асырылады.

Республикалық бюджеттің қаражаты есебінен қаржыландырылатын медициналық көмекті сатып алу Қазақстан Республикасының азаматтардың денсаулығын сақтау саласындағы уәкілетті орталық органы белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

7. Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі 5-тармақта көрсетілген құжаттарды ұсынған Берушілермен ғана Шарт жасасады. Шарт жасасқан Берушілердің тізбесі медициналық көмек түрлері көрсетіле отырып, міндетті түрде аптасына кемінде үш рет шығатын және кемінде облыстардың, Астана және Алматы қалаларының аумақтарына таралатын мерзімді баспасөз басылымдарында

ж а р и я л а н а д ы .

Берушілермен шарттар Бюджеттік бағдарлама әкімшісіне бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің міндеттемелері бойынша қаржыландыру жоспары бойынша бөлінген қаражат шегінде жасалады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ